

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 12 сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Қазақ жазуының жаңа белесі.

Грамматикалық тақырып: Кәсіби тілдік құзыреттілік.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында «Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту», - деп атап көрсетілген. Қазіргі қазақ тілі – мемлекетімізді өркендетуге себепші болатын қуатты күш; халқымыздың мәдени дәрежесін көтеруші пәрменді құрал; жұртшылықты жаппай ұлттық рухта тәрбиелеудің өткір қаруы. Өркендеген мәдениеттің тілі, ғылым тілі, публицистика, ресми іс-қағаздардың тілі болып, стиль жағынан жан-жақты сараланды. Қазіргі қазақ тілі – сөздік жағынан мейлінше байыған, грамматиканың құрылысы барынша дамыған, оралымды тіл. Қазіргі қоғам талабына сәйкес жоғары білім беру жүйесінде тілді кәсіби бағытта бағдарлап оқыту негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс деп атап көрсетілген.

Тілге, тіл үйренуге, тілдік қатынас жасай білуге байланысты «тілдік құзыреттілік», «сөйлей білу құзыреттілігі» және «тілдік қатынас құзыреттілігі» немесе «қатысымдық құзыреттілік» деген бірнеше ұғымдар қалыптасқан. Біріншіден, тілдік құзыреттілікті, басқаша айтқанда, лингвистикалық құзыреттілікті тілдің теориялық мәселелерін жақсы білу және оны түсіну, дұрыс пайдалана білу деп қарауға болады; екіншіден, сөйлей білу құзыреттілігі өзінің ойын сөз арқылы дұрыс құра білу қабілетінің болуы; үшіншіден, тілдік қатынас құзыреттілігі немесе қатысымдық құзыреттілік әртүрлі адамдармен әртүрлі жағдайларда үйренген тілде сөйлесе білу қабілетінің болуы деген бірнеше түсінік бар. Мұнда басты назар қатысымдық мақсаттарды дұрыс шеше білуге аударылады. Ол тілдесімді қажет етпейтін жердің өзінде мәселені сөзбен шешуге тырыса білу дағдысының болуымен байланысты.

Сөйлеу қызметінің 4 түрі (айту, тыңдау, оқу, жазу) жалпы коммуникативтік әдіс арқылы қазақ тілін меңгерудің мақсаты болып табылады. Бұл мақсаттарға жету тілдік құзыреттілікті қалыптастырумен байланысты болып келеді.

Тілдік құзыреттілік деп тілдің барлық деңгей бірлігін білу (тілдік жүйе) және кез келген сөйлеу құрылымын түсіну және құрастыру үшін қолданатын ережелерді айтуға болады.

Тілдік (коммуникативтік) құзыреттілік деп адамның өмірдегі шынайы жағдайда тіл арқылы қатынаса алу қабілетін түсінуге болады.

Дискурстық құзыреттілік – дискурстың әртүрлі түрін ажырату, олардың құрылу жолдарын білу, сөйлеу жағдаятына байланысты дискурстың түрлерін қолданып және түсіне білу болып табылады. Жоғары оқу орындарының алдында бәсекеге қабілетті, білікті де білімді мамандарды даярлау негізгі мақсаттардың бірі болып қала береді.

Мемлекеттік тілді білу, кейін оны қызмет әрекетінде қолдана білу – болашақ мамандарға қойылатын талаптардың бірі. Кәсіби тілді меңгерген болашақ жас маман келешекте өз мамандығы бойынша кәсіптік қарым-қатынаста пікір алмасып, терминдерді пайдаланып, бәсекеге қабілетті тұлға болуы керек. Бәсекеге қабілетті, рухани жағынан да, мәдени жағынан да өресі жоғары, білікті, білімді, тілдік құзыреттілігі жоғары маманның еліміздің дамуына үлесін қосары анық. Жоғары оқу орнын бітірген мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштерінің бірі – жас мамандардың мемлекеттік тілді толық меңгеруі, қарым-қатынаста тәжірибеде қолдануы. Қазіргі таңдағы қоғамдағы тілдік ахуал еңбек нарығының нақты сұраныстарына сай маман иелерінен мемлекеттік тілде сөйлеу дағдысын талап етумен қатар, өзі таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істеп, жеке басының әлеуметтік қасиеттерін (азаматтық, мақсатқа талпынушылық, ұйымдастырушылық, еңбекқорлық, коммуникативтілік, төзімділік, әлеуметтік бейімдеушілік) қалыптастыру мен дамытуды да мақсат ететіні сөзсіз.

Жазылым.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңыз. Мезгіл мәнді сөйлемнің берілуіне назар аударыңыз.

Халық уақытты ... өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолданудың жолдарын және соған лайықты сөз өрнектерін де таба білген. Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ... да орайластыра білді. Ал мерзім, мезгіл өлшемдеріне келгенде халық өлшемі мен ... да бай. Ұлттық ұғымда мерзім – уақыттың, мезгілдің шамасы мен ... білдіреді. (Мысалы: бие сауым, күн, ай, тоқсан).

Мезгіл сол уақыттың бір ... ғана анықтайды. Мысалы: елең-алаң, түс, кеш, түн ортасы т.б.

Қыс, көктем, жаз, күз – мезгіл өлшемдеріне жатады. **Мерзім өлшемдері:** бір күн (тәуліктік) (24 сағат), апта (7 күн), ай (30-31 күн), тоқсан (3 ай), жыл (365 күн) немесе 12 ай, ғасыр (100 жыл).

Керек сөздер: сәтін, ыңғайын, анықтауда, атауы, ұзақтығын.

3-тапсырма.

Тіл дамыту жұмысы. Өлеңді жаттап алыңыз. «Қазақ тілі» М.Жұмабаев

Күш кеміді, айбынды ту құлады,

Кеше батыр - бүгін қорқак, бұғады.

Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,

Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың кос қанаты кырқылды,

Күндей күшті күркіреген ел тынды.

Асқар Алтай - алтын ана есте жоқ,

Батыр, хандар - асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз - бабам тілі, сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсын сен, тілім!

12-сабақ аяқталды.